

АҚЫННЫҢ ДОМБЫРАСЫ

Сөзі: К.Салықов

Әні: Е.Хасанғалиев

Асықпай терең сезіммен

Ка-лып-ты жү - деп же - ті-мек, са - уық-шыл до - сы а - қын -

5 ның. Тұр е - кен көң(і)-лі ше - ті - неп, а - за - сы ба - тып

10 жа - қын - ның. Тұр е - кен көң(і)-лі ше - ті - неп,

14 **Қайырмасы:**
а - за - сы ба - тып жа - қын - ның. Кел-мей-ді қай - та, кел-мей-ді,

18 жаң-ғыр-ған ү - ні жал-ған - бай. Бер-мей-ді ды - быс, бер - мей-ді,

23 ү - зі-ліп іше - гі қал - ған-дай. Бер-мей-ді ды - быс, бер - мей-ді,

28 ү - зі-ліп ше - гі қал - ған-дай. / - дай.

1, 2. Соңы

1.Қалыпты жүдеп жетімек,
Сауықшыл досы ақынның.
Тұр екен көңілі шетінеп
Азасы батып жақынның.

2.Айырды тағдыр егізді,
Сезеді жүйрік санасы,
Осы екен ғой дегізді,
Жер мен көктің арасы.

Қайырмасы:

Келмейді қайта, келмейді,
Жаңғырған үні жалғанбай.
Бермейді дыбыс, бермейді,
Үзіліп ішегі қалғандай.

3.Құлшынысқа сақтаған,
Жоқ бүгін дүлдүл серігі.
Күй оралмас баптаған,
Тым-тырыс бұл-бұл желігі.

4.Жаудырайды пернелер,
Парлаған көздің жасындай.
Төгіліп түсер термелер
Түйілді сайдың тасындай.

Қайырмасы: